

Семей Мемлекеттік медицина университеті
Қазіргі Қазақстан тарихы және жббп кафедрасы


СӨЖ

Тақырыбы: Ежелгі Рим философиясындағы
адам және дүние.

Орындаған: Өкен Д.Е
221 топ ЖМФ

Тексерген: Купанова С.А

Семей 2016 ж



Жоспар

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім:

□ Антик философиясы

□ Ежелгі Рим философиясының мектептері және өкілдері .

□ Мектептің негізгі бағыттары.

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер



Кіріспе

«Антик философиясы» деген термин мың жылдан аса тарихы бар грек-рим философиясын білдіреді. «Антик» сөзінің латын тілінен аударғанда «көне» деген мағынаны білдіретінін ескерсек, бұл жалпы философиялық ой дамуының бастапқы кезеңін аңғартады. Алайда, қалыптасқан дәстүр бойынша антик дәуірі тек батыстың көне заманын білдіріп, осы грек-рим әлеміне қатысты айтылады. Ал, хронологиялық шеңберге келер болсақ, антик философиясы өзінің бастауын б.з.д. VII—VI ғасырдан алып, ал оның аяқталуы б.з. 529 жылы император Юстинианның барлық христиандық емес философиялық мектептерді ресми түрде жаптырған датасымен байланыстырылады.



А.С.Богомолловтың айтуынша оның ішіндегі үш ірі кезеңді айқындауға болады:

- **Антик философиясының қалыптасуы немесе Сократпен аяқталатын ерте классика (б.з.д. VII—V ғ.);** - Бұл кезеңде натурфилософиялық көзқарас басым болды. Милет, Элей, Пифагоршылдар, Софистер мектебінің қалыптасуымен қатар атомдық көзқарастың негізі қаланады.
- **Классикалық грек философиясы (б.з.д. IV ғ.);** - Платон мен Аристотель философиялық еңбектерімен ерекшеленеді.
- **Эллиндік-римдік философия (б.з.д. III ғ. - б.з. V ғ.)** - Стоиктер, скептиктер және эпикуршілдік мектептер басымдылық танытқан кезең.



Ежелгі Рим философиясында 4 мектептің негізі қаланған еді.

- ❖ -Киниктер
- ❖ -Эпикурейлер
- ❖ -Стоиктер
- ❖ -Скептиктер






1) **Кининизм мектебінің** өкілдеріне **Антисфен** (б.з.д 455-360 жж) және **Диоген** (б.з.д 400-325 жж) жатады.


Антисфен Сократтың шәкірті болған. Ол адамдарды қарапайым өмірге, табиғатқа жақын болуға шақырған. Ләззатқа деген құштарлық пен құмарлықты әшкереледі.

Бірақ киниктердің символы Диоген Синопский болды. Ол Александр Македонскийдің замандасы болған.

Антисфен



Диоген





Антик зерттеушілерінің бірінің айтуы бойынша Диоген мен Александр Македонский бір күнде дүниеден өткен. Тек Диоген Коринфте, ал Александр Вавилонда. Александр Македонский Диоген туралы естіп, данышпанға келіп қандай көмек көрсете алатынын сұрапты. Сол кезде Диоген : “Күннің көзін көлеңкелемей ары тур” деп айтыпты деген аңыз бар.


Диоген Антисфен экстремизмін ғана нығайтқан жоқ, ол өмірдің ерекше қатал жаңа идеалын қалыптастырды. Ол ғасырлар бойы көпшілікке парадигматикалық үлгі болып қалды. Диогеннің барлық бағдарламасын “ Нағыз адамды іздеймән” деген сөздермен жеткізуге болады.



2) Эпикурейзмнің негізгі өкілдері – **Эпикур** (б.з.д 341-270 жылдар) және **Луcretий Кар** (б.з.д 99-55жылдар) болған. Бұл бағытта жеке өкілдердегі бақыт туралы этикалық мәселелерді қарастырады.

Эпикур Демокриттің атолисттік ілімінің жалғастырушысы. Демокрит сияқты ол да атомдар мен олар қозғалатын бос кеңістіктер бар деген ойды ұстанды. Бірақ, Демокриттен бір айырмашылығы Демокрит атомдар белгілі бір ретпен қозғалады десе, Эпикур атомдар қозғалысы еркін, сондықтан олар әртүрлі траекториямен қозғалып, соқтығысып, қосылып, таралып, әртүрлі макроденелерді, әлемді түзеді деп есептеген.


Эпикурейлік мектептің өкілі Лукреций Кар. Ол да атомизм теориясын ұстанған римдік философ. Ол “заттардың табиғаты” атты еңбегінде адамдардың саналарына ”эйдостар” арқылы әсер ететін адамдар мен құдайлар әлемін сипаттаған.





3) Б.з.б IV ғасырдың аяғында Афинада жаңа бағыт – **СТОИЦИЗМ** пайда болды. Ол өз кезеңінде көптеген жақтаушылар тауып, уақыт өте келе маңызы жоғары болды.

Осы бағыттың өкіліне Зенонды (б.з.б 336-264 жж) жатқызады. Бұл бағыт өкілдері жеке иелік, мемлекет, жанұя сияқты әлеуметтік көріністерге оң көзқараспен қарады. Стоицизмнің мәселесі адамдардың бақытқа жету жолы.





Аталған мектептің өкілдері; **Сенека, Эпиктет, Марк Аврелий**. Стоиктердің басты идеясы – сыртқы дүниенің түрлі әсерлерінен құтылу болды. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін философтар табиғатпен бірлікте болуға шақырып, байлықты, әсемдікті жақтады. Жағымсыз әлде қуанышты сәттер болсын, салқын қандылық таныту керек, жағымсыз, жан дүние - өтпелі, сондықтанда одан құтылуға асығудың қажеті жоқ.

Жалпы стоицизм заманы 3 кезеңнен тұрады:

- 1) Антикалық Стои (б.з.д IV ғасырдың аяғы III ғасыр аралығы), бұл кезеңде ілімнің негізі қалана бастады.
- 2) Ортаңғы Стои (б.з.б II- I ғасырлар)
- 3) Римдік кезең немесе жаңа христиан Стоиы, бұл кезде моральды этикалық мәселелер діни көзқараспен қарала бастады.



Стоиктер философиясы эпикурейліктер сияқты
3 бөлімге бөлінген:

- Лирика
- физика
- Этика

Зенон философияны бақшамен салыстырады:
бақшаның қоршауы – логика(қамал қабырғасы),
бақшадағы ағаштар – физика, ал жемістер –
этика деген.





Ерте эллинизмнің соңғы кезеңі – **скептицизм** (грек тілінен аударғанда – қарастырылатын, зерттелетін, сыналатын). Скептицизмнің өкілі; **Секст Эмпирик**, негізін салушылардың бірі Пиррон (б.з.б 360-270 жж) болды. Ол Александр Македонский жорықтарына қатысып, оның бірінде үнді аскетімен танысқан. Бұл таныстық оның ілімінің дамуына септігін тигізеді.



Бұл кезеңде классикалық философия өз мазмұнын жоғалта бастады. Тек өмір сүре білетін, әртүрлі қауіпті жағдайларда адамға көмектесе алаын адам ғана данышпан болып есептелді.

Пиррон қайта жаңғырту принципін ұстанды. Оның пікірінше: дүниенің табиғатының сұрақтарына нақты жауап беруге болмайды деген. Ол адамдар мен шошқаларды мысалға ала отырып, қандай жағдай болса да оған көне білу керек деген. Мысалы кеме батып бара жатқанда адамдарда қорқыныш пен үрей пайда болады, ал шошқалар өз тамақтарын жеп, ешқандай мәнбермейді дейді. Философияның мақсаты – бақытқа, уайым қайғының жоқтығына, үрейсіздікке әкелетін жолдарды көрсету. Пиррон бұл игіліктерге жету үшін салмақтылық, шыдамдылық керек деп есептеген



ПΥΡΡΩΝΟ.

ΕΛΙΟΥ.

Қорытынды

Сонымен, ежелгі антикалық философия Скептицизммен аяқталады. Грек философиясында ең алдымен оптимистік дүние таным пайда болды. “Білемін және соған сәйкес әрекет етемін” - деген қағида көне гректердің ең биік идеалы;

Эпикурлықтар “Білемін, сондықтан бас тартамын”, - деді.

“Білемін және оған көнемін”, - деп стоиктер айтты.

Ал Скептиктер “Білмеймін, сондықтан қалай болса солай өмір сүремін”, - деп көне грек ой пікірін аяқтады. Ал мұның өзі Көне Заманның тарихи мүмкіншілігінің (құл иеленушілік қоғамның) сарқылғанын, жаңа ой-өрісіне өрлеу керектігін қажет етті.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1) ИНТЕРНЕТ САЙТ «GOOGLE. KZ»
- 2) БЕГАЛИНОВА К.К. АЛЬЖАНАНОВА У.К
- 3) МЫРЗАЛЫ С.Қ - ФИЛОСОФИЯ 2011 ж

